АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АТЫРАУОБЛЫСТЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ СТАНЦИЯСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗІ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ СТАНЦИЯ СКОРОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ» УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 14«а»
Тел.: 8(7122) 35-40-71, 35-58-22.
35-58-38 Факс: 32-30-34
e–mail: atyrau_skoraya@mail.ru

город Атырау, улица Смагулова, 14«а»
Тел.: 8(7122) 35-40-71, 35-58-22.
35-58-38 Факс: 32-30-34
e–mail: atyrau_skoraya@mail.ru

БҰЙРЫҚ **№46** **ПРИКАЗ**

06 наурыз 2023 жыл **06 март 2023 год**
Атырау қаласы **город Атырау**

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңының (бұдан әрі - заң) 41 – бабының 4 – тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № ЗТ-2022-01693824 түсіндірме-хаты негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. *«2023 жылғы өзекті өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: Нормативтік-құқықтық реттеудегі және сатып алу тәсілдеріндегі инновациялар. Мемлекеттік сатып алуды тиімді ұйымдастыру»* тақырыбындағы конференцияға қатысу үшін ақы төлеу бойынша Мемлекеттік сатып алуды, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау мақсатында, олардың рәсімдерінің ұзақтығына, сондай-ақ іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігіне байланысты бәсекелес тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты ҚҚС-сыз, жалпы сомасы (130 мың) теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен Заңның 39 – бабы 3-тармағының 45-тармақшасын және № 406-04 «20» 02 2023 ж. шақыру хатын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Негізі: «Professional Community Astana Orleu» ЖШС-нің 2023 жылдың 20 ақпанындағы № 406-4 шақыру хаты

Директор **А.А.Ерболов**

Бұйрықпен таныстым:

Тапекова А.О. _____ «06» 03 2023 ж.

Семинарға/конференцияға/форумға (бұдан әрі – іс-шара) қатысу ақысын сатып алу үшін тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негіздемесі

Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы 177-VII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 2023 жылы күшіне енуіне, сондай-ақ 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының 5 қарашадағы 2022 жылғы 157-VII ҚР Заңының жекелеген нормаларының күшіне енуіне байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», осыған сәйкес 2023 жылдың басынан бастап мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізілді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 31-3-бабының күшіне енуімен жоғарыда баяндалған өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу саласында өзекті теориялық және практикалық білім алу үшін өткізілетін іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігі туындады.

Ұйымдастырылған іс-шараға қатысқаны үшін төлемді сатып алуды бәсекелестік тәсілмен жүргізу мүмкін болмауына байланысты:

1. Мемлекеттік функциялардың не Тапсырыс берушінің жарғылық қызметінің жұмыс істеуін, сондай-ақ орындалуын қамтамасыз ету мақсатында іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігі.
2. БҰС әдісін қолданудың мүмкін еместігі – сатып алу рәсімдерін жүргізуге уақыттың болмауы, біліктілігі жоқ Жеткізушінің ұтып алу тәуекелдері.
3. Байқау әдісін қолдану – іс-шараға шұғыл қатысу қажеттілігіне байланысты, сатып алу рәсімі 1 айдан астам уақытқа созылады.

ҚР ҚМ ҚК 31.05.2022 жылғы № ЗТ-2022-016-93824 және ҚР ҚМ МСКССЗД 30.12.2022 жылғы № ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И уәкілетті органдарының түсініктемелері негізінде, іс шараға қатысқаны үшін ақы төлеу туралы сатып алу шарты мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 39 бабы 3 тармағының 45 тармақшасы негізінде жасалады.

Обоснование осуществления государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора для закупки оплаты участия в семинаре/конференции/форуме (далее - мероприятие)

В связи с вступлением в силу в 2023 году Закона Республики Казахстан от 30 декабря 2022 года 177-VII ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации отдельных поручений Главы государства», а также вступлением в силу с 1 января 2023 года отдельных норм Закона Республики Казахстан от 5 ноября 2022 года 157-VII ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации Послания Главы государства от 16 марта 2022 года», в соответствии с которыми внесены изменения в законодательство в сфере государственных закупок с начала 2023 года, а также вступлением в силу статьи 31-3 Закона о государственных закупках возникла потребность безотлагательного участия в проводимом мероприятии для получения актуальных теоретических и практических знаний в сфере государственных закупок с учетом вышеизложенных изменений.

В связи с тем, что закупки оплаты за участие в организуемом мероприятии невозможно произвести конкурентным способом ввиду:

1. Необходимости безотлагательного участия в мероприятии в целях обеспечения функционирования, а также выполнения государственных функций либо уставной деятельности заказчика.
2. Невозможность использования способа ЗЦП – отсутствие времени на проведение закупочных процедур, риски выигрыша неквалифицированного поставщика.
3. Использование способа Конкурс – в связи с необходимостью безотлагательного участия в мероприятии, процедура закупок затянется на срок более 1 месяца.

Договор закупок об оплате за участие в мероприятии направляется на основании пп. 45, п. 3 статьи 39 Закона о государственных закупках на основании разъяснения уполномоченного органа ДЗГЗ МФ РК № ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И от 30.12.2022г. и КК МФ РК № ЗТ-2022-016-93824 от 31.05.2022 года.

«Professional Community Astana Orleu»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БСН 160440028233
Z05T5K8, Астана қаласы, Бұқар-Жырау
көшесі, 36А, т.е.б (кеңсе) 3
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Товарищество с ограниченной ответственностью
«Professional CommunityAstana Orleu»
БИН 160440028233
Z05T5K8, город Астана, улица Бухар
жырау, 36А, н. п. (офис) 3
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Шығ. № 406-04

«20» ақпан 2023 ж.

Мекеме басшысыларына

Құрметті басшылар!

Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы 177-VII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 2023 жылы күшіне енуіне, сондай-ақ 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының 5 қарашадағы 2022 жылғы 157-VII ҚР Заңының жекелеген нормаларының күшіне енуіне байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», осыған сәйкес 2023 жылдың басынан бастап мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізілді, 2022 жылы мемлекеттік сатып алуды реттейтін салалық және салааралық нормативтік құқықтық актілерге 9-дан астам өзгерістер енгізілді (тізбе қосымшада), «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 31-3-бабы да күшіне еніп, сатып алудың жаңа әдістері пайда болды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы маңызды өзгерістерді ескере отырып, **«Professional Community Astana Orleu» ЖШС** бірінші басшыларды, бас есепшілерді, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғаларды 2023 жылдың **9-10 наурыз күндері Атырау қаласында, «2023 жылғы өзекті өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: Нормативтік-құқықтық реттеудегі және сатып алу тәсілдеріндегі инновациялар. Мемлекеттік сатып алуды тиімді ұйымдастыру»** тақырыбында өтетін 2 күндік практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты: *ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына және 2023 жылғы сатып алуларға қатысу үшін ҚР Қаржы Министрлігінің басқа да бұйрықтарына мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша өзекті теориялық және практикалық білім алу. Сатып алу әдістеріндегі инновацияларды зерделеу, мәселелерді шешу.*

Конференцияның міндеттері:

- конференцияға қатысушылардың нақты практикалық жағдайлары мысалында ағымдағы проблемалық мәселелерді қарастыру;

- өтінімнің мазмұнын, қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, конкурсқа қатысуға өтінімдердің мысалдарын қарастыру;

- осы шарттарды заңдық негіздемелермен пысықтау мүмкіндігімен шарттардың барлық үлгілік нысандарының жобаларын қарау;

- тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің мысалдарын қарастыру (талаптардың дұрыстығын негіздеу)

- сатып алудың жаңа тәсілдерін үйрену;

- сатып алуға қатысушылардың әкімшілік бұзушылықтарын болдырмау мақсатында, айыппұлдар кестесін ұсына отырып, сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін талқылау және т. б.

Модератор, лектор:

Секуова Шұға Бекжігітқызы – *сарапшы-практик, сертификатталған дәріскер – ҚР Қаржы министрлігінің және Еуропалық одақтың жобасы бойынша мемлекеттік сатып алулар жөніндегі жаттықтырушы, мемлекеттік мекемелерде, орталық билік органдарында басқарушы лауазымдарда қызмет еткен, мемлекеттік сатып алулар саласында бай тәжірибеге ие.*

Конференция қатысушылары: *басшылар, бас бухгалтерлер, бухгалтерия мамандары, сатып алу бөлімінің басшылары, мамандары және мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің мүдделі тұлғалары.*

Конференция тақырыбы: *«2023 жылғы өзекті өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: Нормативтік-құқықтық реттеудегі және сатып алу тәсілдеріндегі инновациялар. Мемлекеттік сатып алуды тиімді ұйымдастыру».*

Конференцияның өтетін күні: 9-10 наурыз 2023 жыл, *Атырау қаласы*. *Конференция барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып өткізіледі. Қатысушылар саны шектеулі.*

Өткізілетін орны: Іс-шараға 3 күн қалғанда қосымша хабарланады. *Конференция Қазақстан аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес өткізіледі.*

Жарна: бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **65 000 теңге**[1], біз ҚҚС төлеушілер емеспіз.

Kaspi RED арқылы төлеуге мүмкіндік бар (Зайға пайызсыз бөліп төлеу).

Тапсырыс берушілер ҚР ҚМ МСКССЗД түсіндірулеріне сәйкес шартты 39 баптың 3 тармағының 45 тармақшасы негізінде жүзеге асырады (шарт жасасу үшін барлық қажетті құжаттар ұсынылады). ҚР ҚМ МСКССЗД 2022 жылғы 30 желтоқсандағы түсіндірмесіне сәйкес Заңның 39-бабы 3-тармағының 45-тармақшасын қолдануға болады.

Тапсырыс берушіге жеткізілетін үлестірмелі материалдар жинағын (кітаптар + құқықтық актілердің жаңартылған электрондық жинағы) сатып алу үшін менеджерге хабарласыңыз.

Конференцияның ұзақтығы: 9-10 наурыз,18 академиялық сағат.

Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

<u>Жарнаға конференцияға қатысушының стандартты пакеті, яғни мыналар кіреді:</u>

- *Конференцияға қатысу*
- *Үлестірме материал («Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі», маркер, стикерлер, блокнот, қалам)*
- *Бизнес-ланч*
- *Конференцияға қатысқандығы туралы атаулы сертификат*

Бонус-консультациялық сүйемелдеу 6 ай бойы*, «жазбаша сұрақ-жауап» режимінде!**

Конференцияға қатысу үшін төмендегі телефон нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы өтінім беріп, келісімшарт жасау қажет:

8700 520 97 67 вн. 104, 87172457128 Сіздің жеке менеджеріңіз **Гулназия Мирланқызы**

Сіз өтінімді келесі e-mail-ға жібере аласыз: ao8@astanaorleu.com

Аталмыш ақпаратты бағдарламалардың әкімшілеріне және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға жеткізуді сұраймыз.

Қосымша 3 бетте.

Генеральный директор **Б. Аширов**

Қосымша

Конференция бағдарламасы[2]

Тақырыбы: «2023 жылғы өзекті өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: Нормативтік-құқықтық реттеудегі және сатып алу тәсілдеріндегі инновациялар. Мемлекеттік сатып алуды тиімді ұйымдастыру»

- Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның ерекшеліктерімен танысу, 2023 жылғы 1 қаңтардағы өзгерістерді және олардың ерекшеліктерін талқылау;
- Заңның қолданылу аясы;
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері, сатып алудың жаңа тәсілдерін зерделеу;
- Мемлекеттік сатып алу процесі, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасау, бекіту тәртібі. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Мемлекеттік сатып алу жоспарымен мемлекеттік сатып алу веб-порталында жұмыс істеу;
- Веб-порталда ЖСҚ, сондай-ақ аванспы орналастыру бойынша талап;
- Қандай жағдайларда мемлекеттік сатып алудан бас тарту жүргізіледі. Бас тарту үшін негіздер, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудан негізсіз бас тартқаны үшін жауапкершілік;
- Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасау, бекіту, сондай-ақ орындау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- Заңның 6-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер;
- Өнім берушіні жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ ерекшеліктер;
- Келісім комиссиясының жұмысы;
- Әлеуетті жеткізушілердің жекелеген санаттарын қолдау. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде 51-бапты қолдану және ҚРҮК 1181-нің орындалуы.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері.

Ашық конкурс, алдын ала біліктілік іріктеуі бар конкурс, Негіздемелік келісім, рейтингтік-балдық жүйе тәсілімен мемлекеттік сатып алу, сондай - ақ конкурстың жаңа түрі-2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып жүзеге асыру:

- Қаржы министрінің 29.12.2018 жылғы 1127 бұйрығына сәйкес конкурсты ұйымдастырушыны айқындау;
- Конкурс және конкурстардың түрлері, конкурстың жаңа түрлерін зерделеу;
- 22-1-бап. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы алдын ала хабарлау;
- Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу (ашық конкурс, Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс, алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс, негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып конкурс, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып конкурс, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып конкурс);
- Ұйымдастырушыны, комиссия мүшелерін таңдау және хабарландыру жариялау;
- Конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау;
- Қаржылық тұрақтылық;
- Алдын ала рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру;
- Қайта қарау. Қорытындылау. Конкурс қорытындысы туралы хаттама.
- Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізілмеді деп танудың негіздері мен салдары;

Алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс

- Сатып алуды жүзеге асыру жағдайлары мен тәртібі.
- Алдын ала біліктілік іріктеу Конкурсы арқылы жүзеге асырылатын сатып алу түрлері.
- Өтінімдерді қарау тәртібі мен мерзімдері. Қорытындылау және жеңімпазды анықтау.
- ҚР Қаржы министрінің 31.05.2019 жылғы 521 бұйрығы.

Конкурстың жаңа түрлері:

Негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып конкурс.

Аукцион тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі:

- Аукцион Өткізу.
- Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- 2022 жылдың ерекшеліктерін ескере отырып, аукционға қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау. Аукционға қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру. Бастапқы баға. Аукцион қорытындысы;
- Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізілмеді деп танудың негіздері мен салдары.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері.
- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу.
- Қорытынды шығару, жеңімпазды анықтау, шарт жасасу;
- Өтінімді қамтамасыз етуді енгізу және шарттың орындалуын қамтамасыз ету.
- Демпингтік шектеулер;
- Стандарттарға қойылатын талаптар: ҚР СТ және МСТ.

БІР КӨЗДЕН АЛУ ТӘСІЛІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ

Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, 39-баптың 2-тармағы:

- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру жағдайлары және негіздемесі;
- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру үшін әлеуетті өнім берушіні айқындау туралы шешім;
- 31-Қосымшаға сәйкес, есептілікті ұсыну тәртібі мен жағдайлары
- Бір көзден шақыру жіберу мерзімдері мен тәртібі, өтінімдерді қарау, қорытындылау.

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу 39-баптың 3-тармағы:

- Бірінші басшының дербес жауапкершілігі.
- 39-баптың 3-тармағы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу;
- Тікелей шарт жасасу үшін әлеуетті өнім берушіні анықтау туралы шешім, бұйрық және жеке жауапкершілік, сондай-ақ ерекше жағдайдың мысалдары;
- Тармақшалар негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіні айқындау тәртібі 6), 7), 15), 28), 46), 50), 51), 53) және 54) Заңның 39-бабы 3-тармағының, ФЛБ;
- Тікелей жасасу арқылы шарт жасасу және шарттарды орындау.

Тауарлардың электрондық каталогы

- Электрондық каталогты қолдану тәртібі;
- Шарт жасасу және орындау. 38бап-1 электрондық дүкен.
- Электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;
- Жеткізушіні анықтау және шарт жасасу.

ШАРТТАР ЖАСАСУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕР БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ (43-бап):

- Мемлекеттік сатып алу туралы шарт, шарттардың нысандары. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу (электрондық шарттар жасасу міндеттілігі);
- Электрондық шарт жасасуды міндеттемейтін жағдайлар.
- Шарт жобасын жасау мерзімдері, Тапсырыс беруші мен өнім берушінің келісуі, қол қоюы;
- Жобаға немесе Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізу негіздері;
- Шартты ұзарту, шартты бұзу, көлемге қажеттілікті ұлғайтуға немесе азайтуға арналған қосымша келісімдер;
- Шарт жасасудан жалтару;
- Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару (ағымдағы жылғы 5 мамырдағы өзгерістер);
- Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың күшіне енуі;
- Шарттық міндеттемелерді орындамау, тиісінше орындамау (шартты орындау мерзімдерін бұзғаны үшін салдарлар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбының мөлшері, сондай-ақ өндіріп алмағаны не уақтылы өндіріп алмағаны үшін жауаптылық);

ТӨЛЕМ АЛДЫНДАҒЫ ҚҰЖАТТАР.

- Өнім берушінің веб-портал арқылы шарттың орындалуы туралы ақпаратты (орындалған жұмыстар актілері, көрсетілген қызметтер актілері, тауарларды қабылдау актілері, электрондық жүкқұжат, шот-фактуралар)ұсынуы;
- Тапсырыс берушінің өнім берушінің актілерін қарау және бекіту мерзімдері, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қабылдаудан бас тарту жағдайлары;
- Тұрақсыздық айыбын толтыру тәртібі;
- Есеп беру;
- 43-баптың 20 және 23-тармақтары, Тапсырыс берушінің Шартты төлеуді уақтылы жүргізу бөлігінде орындауы, жеткізілген тауарға, орындалған жұмыска, көрсетілген қызметке уақтылы төлемегені үшін тапсырыс берушінің жауапкершілігі.
- Заңның 45-бабы. Жасалған шартқа өзгерістер енгізу
- Жасалған шартқа өзгерістер енгізу тәртібі мен негіздері.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзудың салдары;
- Әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік. Комиссия төрағасына, мүшелеріне, комиссия хатшысына әкімшілік айыппұл салу жағдайлары және айыппұлдардың мөлшері;
- Қандай жағдайларда Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, комиссия мүшелері әкімшілік жауаптылықтан босатылады;
- Өнім берушінің, Тапсырыс берушінің, Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдануы;

КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ТАЛҚЫЛАУ. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ.

Бірінші басшылар мен жауапты мамандардың назарына мемлекеттік сатып алу саласындағымаңызды ақпаратты жеткіземіз:

Өзекті өзгерістер	Қашан тіркелген және қандай тұжырымдамалық өзгерістер бар?
«Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, Мемлекеттік сатып алу Конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қарашадағы № 1203 бұйрығы қабылданды.	ҚР ӘМ 2022 жылғы 30 қарашадағы № 30855 болып тіркелді. Бұл бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі. **https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1075**
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 13 қазандағы № 1061 бұйрығымен Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген)	ҚР ӘМ 2022 жылғы 20 қазанда № 30253 болып тіркелді. **https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1078**
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 990 бұйрығымен Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді.	Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. ҚР ӘМ 2022 жылғы 30 қыркүйекте № 29921 болып тіркелді. **https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1043**
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 955 бұйрығымен **Мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар жүзеге асыратын ТЖҚ тізбелері бекітілді.**	Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. ҚР ӘМ 2022 жылғы 14 қыркүйекте № 29558 болып тіркелді **https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1042**
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 904 бұйрығымен Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді.	Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелікон күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. ҚР ӘМ 2022 жылғы 5 қыркүйекте № 29414 болып тіркелді **https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1025**
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 903 бұйрығымен тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілді, олардың біртекті түрлері бойынша және оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойыншалоттарға бөлу талап етілмейді.	Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелікон күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. ҚР ӘМ 2022 жылғы 5 қыркүйекте № 29404 болып тіркелді. https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1026
2022 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік сатып алу тауарлардың электрондық каталогынан жүзеге асырылатын тауарлар тізбесін бекітуге қатысты Қаржы министрінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 52 бұйрығы күшіне енді.	2022 жыл 1 шілде **https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026579**
2022 жылғы 1 шілдеде **«Мемлекеттік сатып алу рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін**бекіту туралы» Қаржы министрінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 46 бұйрығы қолданысқа енгізілді.	2022 жыл 1 шілде **https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1017**
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 тамыздағы № 844 бұйрығымен конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейінгі және Мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күнделікті және (немесе) апта сайынғы қажеттілік тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесіенгізілді (ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 677 бұйрығымен бекітілген).	Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелікон күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. ҚР ӘМ 2022 жылғы 18 тамызда № 29177 болып тіркелді. **https://www.goszakup.gov.kz/ru/news/view/1016**

[1] ***Конференцияға қатысу үшін шақыру шарттары мынадай жағдайларда қайта қаралуы мүмкін: ТЖҚ жеткізушілерінің баға саясатының өзгеруі, ҚР Салық салу шарттары, инфляция деңгейінің өзгеруі, сондай-ақ бағаның қалыптасуына әсер ететін басқа да факторлар.***

[2] ***Конференцияны ұйымдастырушы бағдарламаны ҚР Заңнамасына енгізілген өзгерістерге және өзге де шарттарға сәйкес толықтыруға және түзетуге құқылы.***